

Қазақстан Республикасының  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі

Инфляцияға шолу  
2012 жылғы 1-тоқсан

## Мазмұны

Мазмұны .....	2
Негізгі терминдер және ұғымдар .....	3
Графиктердің және кестелердің тізбесі.....	6
Резюме .....	8
2012 жылғы 1-тоқсанның инфляция болжамын бағалау .....	9
2012 жылға арналған инфляция болжамы .....	9
1. Инфляциялық процестер .....	11
1.1. Тұтыну бағалары.....	11
1.2. Базалық инфляция .....	12
1.3. Экономиканың нақты секторындағы бағалар .....	14
1.3.1. Өнеркәсіп өндірісіндегі бағалар .....	14
1.3.2. Ауыл шаруашылығындағы бағалар .....	15
1.3.3. Кәсіпорындар мониторингі .....	16
2. Инфляция факторлары.....	18
2.1. Жиынтық сұраныс .....	18
2.1.1. Жеке тұтыну және инвестициялық сұраныс .....	19
2.1.1. Мемлекеттік тұтыну .....	20
2.1.3. Сыртқы сектор.....	22
2.2. Өндіріс.....	27
2.3. Еңбек нарығы .....	28
2.3.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық .....	28
2.3.2. Жалақы және өнімділік.....	30
3. Ақша ұсынысы .....	32
3.1. Ақша агрегаттары .....	32
3.1.1. Ақша базасы.....	32
3.1.2. Ақша массасы.....	33
3.1.3. Айналыстағы қолма-қол ақша.....	34
3.2. Қаржы нарығы .....	34
3.2.1. Резиденттердің депозиттері .....	34
3.2.2. Экономикаға кредиттер .....	37
3.2.3. Банктердің активтері мен міндеттемелері .....	40
3.2.4. Қаржы нарығындағы мөлшерлемелер.....	44
4. Ақша-кредит саясатының құралдары және операциялары.....	47
4.1. Ішкі валюта нарығындағы үстемдіктер .....	49
4.2. Ең төменгі резервтік талаптар .....	50
4.3. Ашық нарықтағы операциялар.....	51
4.4. Тұрақты механизмдер .....	52

## Негізгі терминдер және ұғымдар

### 1-бөлім бойынша. Инфляциялық үдерістер

**Инфляция** Қазақстан Республикасында Астана және Алматы қалаларында, барлық облыс орталықтарында және қалалар мен аудан орталықтарының таңдаулы топтары бойынша халықтың жеке тұтынуы үшін сатып алынатын тауарлардың және қызмет көрсетулердің бағаларының жалпы деңгейінің өзгеруін сипаттайтын тұтыну бағасы индексі (ТБИ) негізінде есептеледі. Инфляцияны есептеуге арналған тұтыну қоржыны үй шаруашылығы шығыстарының құрылымын көрсетеді және халық тұтынуында неғұрлым үлестік салмаққа ие болып отырған 508 тауар мен қызмет көрсетуді қамтиды.

**Базалық инфляция** – жекелеген әкімшілік, жағдайға байланысты және маусымдылық сипаттағы факторлардың ықпалынан бағаның қысқа мерзімді біркелкі емес өзгеруін болдырмайтын инфляция.

Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі 2004 жылдан бастап мынадай әр түрлі 5 әдістеме бойынша базалық инфляцияны есептеуді жүзеге асырады:

- 1-ші базалық инфляция: көкөніс, жеміс-жидек, бензин және көмір бағасының өсуін есепке алмағандағы инфляция;
- 2-ші базалық инфляция: көкөніс, жеміс-жидек, реттелетін қызмет көрсету және энергия ресурстары бағасының өсуін есепке алмағандағы инфляция;
- 3-ші базалық инфляция: 5 ең жоғары және 5 ең төмен баға өсімдерін есепке алмағандағы инфляция;
- 4-ші базалық инфляция: trimmed mean – ТБИ есептеу кезінде жиынтық салмағы кемінде 8% және 92%-дан асатын құрамдас бөліктер алынып тасталынады, яғни бағасы анағұрлым өзгерген (өскен немесе төмендеген) тауарлар мен қызметтер ескерілмейді;
- 5-ші базалық инфляция: median CPI – ТБИ есептеу кезінде бағалардың өзгеруі бойынша ранжирленген қатардың ортасында болатынды қоспағанда, бағалардың барлық өзгеруі есепке алынбайды, яғни статистикалық медиана. Median CPI жиынтық салмағы 50%-ға тең немесе асатын бірінші құрамдас бөлік бағасының өзгеруіне тең болады.

2002 жылдан бастап Ұлттық Банк жүргізетін **Кәсіпорындар мониторингі** шеңберінде нақты сектор кәсіпорындарының инфляциялық күтулерін зерттеу жүзеге асырылуда. Бұл зерттеу пікіртерім жүргізілген кәсіпорындар басшыларының кәсіпорындардың өндірістік қызметіне қатысты бағаларымен, оның ішінде өткен және алдағы тоқсандағы дайын өнімге және өндірісте пайдаланылатын шикізат пен материалдарға сұраныс және бағаға қатысты сапалық бағаларымен («көтеріледі», «төмендейді», «өзгеріссіз қалады») сипатталады.

**Диффузиялық индекс** кәсіпорындардың «көтеріледі» деген жауаптары үлесінің және кәсіпорындардың «өзгеріссіз» деген жауаптары жартысының үлесі сомасы ретінде шығарылады. Бұл индекс қаралып отырған көрсеткіштің өзгеріс динамикасын сипаттайтын жинақталған индикатор болып табылады. Бұл ретте индекстің 50-ден жоғары мәні көрсеткіштің оң өзгерісін, 50-ден төмен мәні теріс өзгерісін білдіреді.

### 2-бөлім бойынша. Инфляция факторлары

Бюджетке **түсімдерге** кірістер (салық түсімдері, салыққа жатпайтын түсімдер, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер), бюджеттік кредиттерді өтеу, мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсімдер кіреді.

Бюджеттің **шығыстары** шығындар (ағымдағы және күрделі), бюджеттік кредиттер, қаржылық активтерді сатып алу болып табылады.

### **3-бөлім бойынша. Ақша ұсынысы**

**Ақша базасына** (резервтік ақша) Ұлттық Банктің кассаларындағы қолма-қол ақшаны қоспағанда, Ұлттық Банк айналысқа шығарған қолма-қол ақша (Ұлттық Банктен тыс қолма-қол ақша), банктердің аударылатын және басқа депозиттері, аударылатын банктік емес қаржылық ұйымдардың депозиттері мен мемлекеттік және мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдардың Ұлттық Банктегі теңгедегі ағымдағы шоттары кіреді.

**Тар ақша базасы** банктердің Ұлттық Банктегі басқа депозиттерін есепке алмағандағы ақша базасын білдіреді.

**M1 ақша агрегаты** айналыстағы қолма-қол ақша сомасы және банктік емес заңды тұлғалардың және халықтың теңгедегі аударылатын депозиттері сомасы ретінде есептеледі.

**M2 ақша агрегаты** M1 ақша агрегатына плюс теңгедегі басқа депозиттер және банктік емес заңды тұлғалардың және халықтың шетел валютасындағы аударылатын депозиттеріне тең.

**Ақша массасы (M3)** Ұлттық Банктің және банктердің баланстары шоттарын шоғырландыру негізінде айқындалады. Ол айналыстағы қолма-қол ақшадан және заңды тұлға - резиденттер мен үй шаруашылығы - резиденттердің ұлттық және шетел валютасындағы аударылатын және басқа депозиттерінен тұрады.

**Аударылатын депозиттер** – барлық депозиттер, бұлар: 1) кез келген уақытта номиналы бойынша айыппұлсыз және шектеусіз ақшаға айналдыруға болатын; 2) чектің, траттаның немесе жиро-тапсырмалардың көмегімен еркін аударылатын; 3) төлемдерді жүзеге асыру үшін кеңінен пайдаланылатын депозиттер. Аударылатын депозиттер тар ақша массасының бір бөлігі болып табылады.

**Басқа депозиттерге**, негізінен, белгілі бір уақыт кезеңі өткеннен кейін алуға болатын немесе әдеттегі коммерциялық операцияларға пайдалану үшін қолайлылығын азайтатын әр түрлі шектеулері бар және негізінен жинақ ақшасы тетіктеріне қойылатын талаптарға жауап беретін жинақ және мерзімдік депозиттер жатқызылады. Сонымен қатар, басқа депозиттерге сондай-ақ шетел валютасымен көрсетілген, аударылмайтын салымдар мен депозиттер кіреді.

**KazPrime** индикаторы Қазақстанның банкаралық депозиттерінің KazPrime индикаторын қалыптастыру туралы келісімге қатысушы банктерде банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесін білдіреді. Әрбір баға белгілеуге Келісімге қатысушылардың бірінің депозитіне ақша тарту және орналастыру мөлшерлемесі, сондай-ақ ақша орналастыру және тарту көлемі қосылады. Баға белгілеудің ең төменгі көлемі – 150 млн. теңге. Баға белгілеулер арасындағы ең жоғары спрэд – 100 базистік тармақ (жылдық 1,00%). Жобаны іске қосу сәтінде банкаралық депозиттің жүйеленген мерзімі үш ай болады.

### **4-бөлім бойынша. Ақша-кредит саясатының құралдары және операциялары**

Ұлттық Банктің Қазақстан қор биржасындағы (ҚКБ) валюталық саудасаттықтарға **қатысу коэффициенті** Ұлттық Банктің ҚКБ-дағы сауда-саттықтың нетто-көлеміне нетто-қатысуының арақатынасы (шетел валютасын сатып алу минус сату) ретінде есептеледі.

**Ақша нарығындағы Ұлттық Банк операцияларының сальдосы** айналыстағы қысқа мерзімді ноталар, банктердің Ұлттық Банктегі депозиттік және корреспонденттік шоттарындағы қалдықтар көлемінің өзгеруі және мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу және сату бойынша нетто-операциялар сомасы ретінде есептеледі.

## Графиктердің және кестелердің тізбесі

### Графиктер

- 1-график. 2011 жылғы инфляция фактісі және болжамы
- 2-график. Тоқсандық инфляцияның және оның құрамдас бөліктерінің динамикасы
- 3-график. Жылдық инфляцияның және оның құрамдас бөліктерінің динамикасы
- 4-график. Тоқсандық инфляцияның және базалық инфляцияның динамикасы
- 5-график. Жылдық инфляцияның және базалық инфляцияның динамикасы
- 6-график. Өнеркәсіп өнімін өндіруші кәсіпорындардың бағалары индексінің динамикасы
- 7-график. Ауыл шаруашылығы өнімі бағалары индексінің динамикасы
- 8-график. Сұраныс пен бағалар өзгерісінің диффузиялық индекстері
- 9-график. Жиынтық сұраныстың құрамдас бөліктерінің ЖІӨ өсуіндегі үлесі
- 10-график. Халықтың шығыстары мен кірістерінің динамикасы
- 11-график. Негізгі капиталға инвестициялар шығыстарының динамикасы
- 12-график. Мемлекеттік бюджеттің орындалуы
- 13-график. Металдардың әлемдік бағасының динамикасы
- 14-график. Мұнайдың (Брент), бидайдың (Канада) әлемдік бағаларының динамикасы
- 15-график. Ағымдағы операциялар шотының балансы
- 16-график. Теңгенің нақты айырбас бағамдарының индекстері
- 17-график. Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы номиналдық айырбас бағамының динамикасы
- 18-график. Теңгенің еуроға және Ресей рубліне шаққандағы ресми бағамының динамикасы
- 19-график. Экономиканың негізгі саларының нақты ЖІӨ-нің өсуіндегі үлесі
- 20-график. Экономикалық белсенді халықтың құрылымы
- 21-график. Нақты жұмыссыздық деңгейі
- 22-график. Еңбек өнімділігінің және нақты жалақының динамикасы
- 23-график. Ақша агрегаттарының динамикасы
- 24-график. Ақша мультипликаторының және оның құрамдас бөліктерінің динамикасы
- 25-график. Депозиттердің және сыйақы мөлшерлемелерінің динамикасы
- 26-график. Заңды тұлғалар депозиттерінің өзгеру динамикасы
- 27-график. Жеке тұлғалар депозиттерінің өзгеру динамикасы
- 28-график. Экономикаға кредиттер және олар бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің динамикасы
- 29-график. Заңды тұлғаларға берілген кредиттер динамикасы
- 30-график. Халыққа берілген кредиттер динамикасы
- 31-график. Банктер активтерінің динамикасы.
- 32-график. Банктер активтерінің құрылымы
- 33-график. Банктер міндеттемелерінің динамикасы
- 34-график. Банктер міндеттемелерінің құрылымы
- 35-график. KazPrime индикаторының динамикасы
- 36-график. РЕПО операциялары бойынша мөлшерлемелер динамикасы
- 37-график. Ұлттық Банктің ішкі нарықтағы операцияларының сальдосы
- 38-график. Ұлттық Банк мөлшерлемелері дәлізінің шекаралары
- 39-график. Банктердің Ұлттық Банктегі корреспонденттік шоттарындағы қалдықтары
- 25-график. Ішкі валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі
- 41-график. Ұлттық Банктің Қазақстан Қор Биржасына қатысу коэффициенті
- 42-график. Ең төменгі резервтік талаптар нормативінің орындалуы

43-график . Қысқа мерзімді ноттарды орналастыру көлемі және олар бойынша кірістілік

44-график. Айналыстағы қысқа мерзімді ноттар

45-график . Ұлттық Банк тартқан депозиттер бойынша сыйақы көлемі және мөлшерлемелері

46-график . Ұлттық Банктің банктерден тартқан депозиттер бойынша өтелмеген міндеттемелерінің көлемі

47-график . Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру операцияларының көлемі

48-график. Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру операциялары бойынша өтелмеген міндеттемелерінің көлемі

### **Кестелер**

1-кесте. Баға индекстерінің және сауда талаптарының өзгеруі

2-кесте. Ұлттық Банк активтерінің және пассивтерінің өзгеру динамикасы

3-кесте. Ақша массасы өзгерістерінің динамикасы

4-кесте. Резиденттер депозиттерінің өзгеру динамикасы

## Резюме

2012 жылғы 1-тоқсанда инфляция 1,1% деңгейінде қалыптасты (2011 жылғы 1-тоқсанда – 3,7%), 2012 жылғы наурыздың қорытындысы бойынша жылдық инфляция 4,6% құрады (2011 жылғы желтоқсанда – 7,4%).

Бағалардың байқалып отырған қалыпты өсуіне, жалпы алғанда жеке, заңды тұлғалар және мемлекет тарапынан тауарлар мен қызмет көрсетулерге жиынтық сұраныстың өсу қарқынының жиынтық ұсыныстан асып кетуі себепші болды. Бағалар өсуінің түбегейлі себептері – ішкі бәсекелестіктің дамымауы, тауарлар мен қызмет көрсетулердің жекелеген нарықтарының монополиялануы, баға құру механизмінің тиімсіздігі өзекті болып қалуда.

Сонымен қатар, ішкі бағалар деңгейі шикізат пен азық-түліктің әлемдік бағалары өсуінің және тұтастай алғанда әлемдік тауар нарықтарындағы тұрақсыз ахуалдың ықпалына ұшырады.

Монетарлық факторлардың инфляциялық үдерістерге ықпал етуі төмен болып қалуда. Мәселен, ақша массасының 2012 жылғы 1-тоқсанда өсуі 5,6% құрады, қолма-қол ақшаның көлемі 4,2% азайды, ақша базасы 15,7% кеңейді.

Экономикадағы инфляциялық қысым сондай-ақ елдегі іскерлік белсенділіктің объективтік өсуі негізінде сақталуда. 2011 жылы Қазақстанның ЖІӨ нақты өсуі 7,5% құрады, әлемдік дағдарыс жағдайында бұл дамудың барынша жоғары қарқыны. Ауыл шаруашылығы, сауда және байланыс сияқты салалар өндірістің өсу көшбасшысы болды.

Сонымен бірге, Үкіметтің, Ұлттық Банктің және жергілікті атқарушы органдардың бірлескен күшімен іске асырылып жатқан, тұтынушылық нарықтың тұрақтылығын және инфляцияның белгіленген 6-8% мақсатты дәліз шегінде сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін инфляцияға қарсы саясаттың тиімділігін атап өту керек. Сонымен қатар, 4,6% инфляция Қазақстандағы 1999 жылғы мамырдан бастап жылдық инфляцияның ең төменгі деңгейі болып табылды.

Ұлттық Банк 2012 жылға арналған Ақша-кредит саясатының негізгі бағыттарына сәйкес бағалардың тұрақтылығын, теңгенің айырбастау бағамының тұрақтылығын және елдің қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қолданып отырды.

Ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ету шеңберінде Ұлттық Банк теңгенің айырбас бағамына қатысты ахуалды үнемі қадағалап отырады. Қазіргі кезде теңгенің айырбас бағамының басқарылатын өзгермелі режимі қолданылады, бұл ретте ішкі валюта нарығы Ұлттық Банктің теңгенің бағамын ұстап тұруға барынша аз қатысумен дамуда. Бағамның едәуір тұрақсыздандыратын құбылмалылығының алдын алу үшін Ұлттық Банк шетел валютасын сатып алу және сату бойынша операцияларды ахуалға қарай жүргізеді. Жыл басынан бері теңге номиналдық көрсетумен АҚШ долларына қатысты 0,4% нығайды.

Жалпы алғанда, инфляцияның өсу қарқынның 2011 жылдың екінші жартыжылдығында басталған бәсеңдеу үрдісі (2011 жылғы тамыздың аяғында жылдық көрсетілген инфляция 9,0% құрады) 2012 жылдың бірінші тоқсанында жалғасты. Осыған байланысты Ұлттық Банк 2012 жылғы 14 ақпаннан бастап ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесін 7,5%-дан 7,0%-ға дейін төмендету туралы шешім қабылдады.

Бұл ретте банктердің Ұлттық Банктегі депозиттер бойынша пайыздық мөлшерлеме ең төменгі деңгейде қалды: 7 күнді депозиттер бойынша 0,5% және 1 айлық депозиттер бойынша 1,0%.



Ең төменгі резервтік талаптардың механизмі, сондай-ақ олардың нормативтері 2012 жылғы 1-тоқсанда өзгерген жоқ. Банктерге ең төменгі резервтік талаптардың нормативтері ішкі міндеттемелер бойынша 2,5% және өзге міндеттемелер бойынша 4,5% құрайды.

Ақша нарығында қысқа мерзімді өтімділікті реттеуді Ұлттық Банк қысқа мерзімді ноттарды эмиссиялау және банктерден депозиттер тарту арқылы жүргізеді.

Осы операциялардың көлемі 2011 жылғы 1-тоқсанның осындай көрсеткіштерімен салыстырғанда 2012 жылғы 1-тоқсанда төмендеді: қысқа мерзімді ноттардың эмиссиясы 68,4%, банктерден тартылған депозиттердің көлемі 2,1 есе.

2012 жылғы 1-тоқсанда Ұлттық Банк банктердің ағымдағы өтімділігін қолдау үшін қайта қаржыландыру қарыздарын берді, осы операцияларға сұраныс шектеулі болып қалуда.

## **2012 жылғы 1-тоқсанның инфляция болжамын бағалау**

2012 жылғы 1-тоқсанда инфляцияның нақты қалыптасқан деңгейі (1,1%) «Инфляцияға шолудың» алдыңғы басылымында жарияланған болжамнан (2,0-2,2%) екі есе дерлік төмен болды. Инфляция 2012 жылғы бүкіл 1-тоқсан бойы болжамдық мәндерден төмен болып қалыптасты.

Бағалардың 2012 жылғы 1-тоқсандағы негізгі өсуі азық-түлік тауарларына тиесілі болды. Олардың құрылымында ет өнімдері, қант, жұмыртқа, балық және теңіз өнімдері бағаларының өсуін атап өту керек. Көрсетілген тамақ өнімдерінің қымбаттауы бірінші кезекте, маусымдылық факторына байланысты. Сонымен қатар, әлемдік азық-түлік нарықтарындағы тұрақсыз ахуал да Қазақстан ішіндегі баға құруға теріс әсер етеді.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен ақылы қызмет көрсетудің қымбаттауы 2012 жылғы қаңтар-наурызда қалыпты болды. Жанар-жағар материалдың бағасы, сондай-ақ тұрғын үй коммуналдық сала қызметінің тарифтері тұрақты болды. Бұл ретте денсаулық сақтау мекемелері қызметінің, жеке пайдалану тауарларының, жуу құралдарының, киімнің бағалары мен тарифтерінің өсуі байқалды.

2012 жылғы наурыздың қорытындысы бойынша инфляцияның жылдық көрсетумен нақты деңгейі 4,6% құрады, бұл «Инфляцияға шолудың» алдыңғы басылымында жарияланған болжамдық мәннен (5,6-5,8%) төмен болды.

## **2012 жылға арналған инфляция болжамы**

2012 жылға арналған Ақша-кредит саясатының негізгі бағыттарына сәйкес Ұлттық Банктің негізгі мақсаты инфляцияны 6-8% шегінде ұстап тұруды айқындау болды (1-график).


2012 жылы тұтынушылық нарықтағы ахуал жалпы алғанда тұрақты болып қалады. Бұл ретте инфляциялық үдерістерді қалыптастыру экономикадағы үдеп келе жатқан жиынтық сұраныс аясында жүретін болады. Осы фактіге нақты экономикадағы өндірістің өсуі, халықтың ақшалай кірістерінің тұрақты өсуі, жұмыссыздықтың төмендеуі, банк секторының кредиттік белсенділігінің біртіндеп қалпына келуі себепші болады. Сонымен қатар, тауарлар мен қызмет көрсетудің жекелеген нарықтарындағы бәсекелестіктің төменгі деңгейі инфляциялық үдерістердің қалыптасуына теріс ықпал ететін болады.

Қазақстанның тұтынушылық нарығында тұрақты ахуалды қамтамасыз ету үшін Ұлттық Банк Үкімет пен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп инфляцияға қарсы саясатты жүргізуді жалғастырады. Негізгі күш нарықтағы адал бәсекелестікті

дамытуға, бағаны ымыраласудың алдын алуға, шағын және орта бизнесті, агроөнеркәсіп кешенінің кәсіпорындарын дамытуға бағытталады. Ұлттық Банк өз тарапынан экономикадағы ақша ұсынысын сақтау жөнідегі қажетті шараларды барабар деңгейде қабылдайтын болады.

1-график

**2011 жылғы инфляция фактісі және болжамы**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

**2012 жылғы 2-тоқсанға арналған инфляция болжамы** 1,4-1,6%-ды құрайды (2011 жылғы 2-тоқсанда нақты инфляция 1,3% болды). Жалпы алғанда осы деңгей сәуір-маусымның өткен жылдар үшін тән болған инфляциялық үрдісімен сәйкес келеді. Осы күтулер, негізінен алғанда инфляцияны қалыптастыру жақын уақытта маусымдылық фактордың әсер етуімен жүргізілетіне байланысты. Тауарлар мен қызмет көрсетулердің жекелеген түрлерінің (жұмыртқаның, сүт өнімінің, ет өнімінің, білім беру қызметінің) бағаларының төмендеуі күтіледі. Жеміс-көкөніс өнімінің, ет өнімінің, тұрғын үй коммуналдық сала қызметтерінің бағалары қарқындарының кейбір бәсеңдеуі жоққа шығарылмайды.

2012 жылғы маусымның қорытындысы бойынша жылдық инфляция 4,7-4,9% деңгейде күтіледі.

**2012 жылғы 3-тоқсанға арналған инфляция болжамы** 0,9-1,1%-ды құрайды (2011 жылғы 3-тоқсанда нақты инфляция 1,0% болды), бұл 2012 жылғы қыркүйектің аяғындағы 4,8-5,0% жылдық инфляцияға сәйкес келеді. Осы кезеңде азық түлік тауарларының жұмыртқа, сүт, жеміс-көкөніс, ет өнімі сияқты жекелеген түрлері, жекелеген тұрғын үй коммуналдық қызметтер бағаларының төмендеуі күтіледі.

## 1. Инфляциялық процестер


### 1.1. Тұтыну бағалары

2012 жылғы 1-тоқсанда инфляция 2011 жылғы 4-тоқсандағы деңгейді (1,1%) сақтай отырып, 1,1% (2011 жылғы 1-тоқсанда – 3,7%) деңгейінде қалыптасты. Бұл 1999 жылдан бастап қаңтар-наурыздағы тоқсандық инфляцияның ең төмен деңгейі. Көрсетілген кезеңде инфляция негізінен тұтыну тауарлары бағасының өсуі есебінен қалыптасты.

Мәселен, 2012 жылғы 1-тоқсанда азық-түлік тауарларының бағасы 1,7%-ға (2011 жылғы 1-тоқсанда 6,0%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар 0,8%-ға (0,9%-ға) өсті. Ақылы қызметтер осы кезеңде 0,5%-ға (3,6%-ға) қымбаттады (2-график). Үкіметтің уақтылы қабылдаған шараларының арқасында ақылы қызметтер бағасының өсуін баяулатуға қол жеткізілді.

2-график

**Тоқсандық инфляцияның және оның құрамдас бөліктерінің динамикасы (өткен жылғы кезеңге %-бен)**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

2012 жылғы наурызда 2011 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда азық-түлік тауарларының ішінде көп дәрежеде қант – 4,4%, ет және ет өнімдері – 4,2%, оның ішінде шошқа еті – 6,3%, жылқы еті – 5,5%, сиыр еті – 5,4%, қой еті – 4,7%, жұмыртқа – 2,0%, балық және теңіз өнімдері – 1,9% қымбаттады. Қарастырылып отырған кезеңде жемістер мен көкөністер бағасы 1,1%-ға, оның ішінде орамжапырақ 6,0%-ға, сүт өнімдері 1,0%-ға, кондитерлік өнімдер 1,8%-ға өсті. Азық-түлік тауарларының ішінде жарма 11,2%-ға, оның ішінде қарақұмық 13,7%-ға, ақталған тары 6,4%-ға, ұн 3,2%-ға арзандады.


Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында есепті кезеңде киім мен аяқ киім бағалары 1,1%, ыдыс және асхана құралдары 1,4%, жуу және тазалау құралдары 1,2%, дәрі-дәрмектің бағасы 0,8% өсті. Дизель отынының құны 0,3% көтерілді, ал бензин 0,1%-ға арзандады.

Ақылы қызметтер құрылымында 2012 жылғы қаңтар-наурызда үй-коммуналдық саласындағы қызметке ақы төлеу 0,2%-ға қымбаттады. Бұл ретте қоқыс жинау 3,4%, тұрғын үйді жалға алу 1,7%, тұрғын үйді ұстау 1,3% қымбаттады. Сондай-ақ байланыс қызметтерінің бағасы 0,6% (почта қызметінің 14,0%-ға қымбаттауы есебінен), білім беру қызметтері 0,6%-ға, оның ішінде мектепке дейінгі және бастауыш білім беру қызметі 2,0%-ға, құқықтық қызмет көрсету 6,8%-ға өсті.

2012 жылғы наурызда инфляция жылдық көрсетуде 4,6% (2011 жылғы желтоқсанда – 7,4%) құрады. Бұл жылдық инфляцияның 1999 жылғы мамырдан бергі ең төмен деңгейі. Соңғы 12 айда азық-түлік тауарлары 4,6%-ға (9,1%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар 5,1%-ға (5,3%-ға), ақылы қызметтер 4,1%-ға (7,3%-ға) қымбаттады (3-график).

3-график

### Жылдық инфляцияның және оның құрамдас бөліктерінің динамикасы өткен жылдың тиісті айына %-бен)




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

## 1.2. Базалық инфляция

2012 жылғы 1-тоқсанда базалық инфляцияның барлық көрсеткіші 2011 жылдың тиісті тоқсанымен де, өткен тоқсанмен де салыстырғанда неғұрлым төмен деңгейде қалыптасты (4-график).

4-график

**Тоқсандық инфляцияның және базалық инфляцияның динамикасы (өткен жылғы кезеңге %-бен)**




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

2012 жылғы қаңтар-наурызда базалық инфляцияның көрсеткіштері жылдық көрсеткіште оң динамиканы көрсетті. Бұл ретте 4-базалық инфляцияның және 5-базалық инфляцияның көрсеткіштері 2012 жылғы наурыздың қорытындысы бойынша жалпы инфляциядан төмен болды, ал базалық инфляцияның қалған көрсеткіштері неғұрлым жоғары қарқынды көрсетті.

2012 жылғы наурызда базалық инфляцияның жылдық көрсеткіштегі барлық көрсеткіштері 2011 жылғы желтоқсандағы көрсеткіштерімен салыстырғанда неғұрлым төмен деңгейде қалыптасты. Бұл инфляциялық процестердің баяулауын көрсетеді, бұл ретте монетарлық факторлардың инфляцияға ықпалы шамалы күйінде қалып отыр (5-график).

5-график

### Жылдық инфляцияның және базалық инфляцияның динамикасы (өткен жылдың тиісті айына %-бен)



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

## 1.3. Экономиканың нақты секторындағы бағалар

### 1.3.1. Өнеркәсіп өндірісіндегі бағалар

2012 жылғы 1-тоқсанда өнеркәсіп өнімдерін өндіруші кәсіпорындардың бағалары 3,1%-ға (2011 жылғы 1-тоқсанда 12,7%-ға өсу) көтерілді. Өндірілген өнім құнының бағасы 3,4%-ға өсті, бұл ретте оның құрамындағы аралық тұтыну өнімінің бағасы 3,6%-ға, өндіріс құралдары 2,3%-ға қымбаттады, тұтыну тауарларының бағасы 0,6%-ға төмендеді. Өндірістік сипаттағы қызметтер 0,4%-ға арзандады.

2012 жылғы қаңтар-наурызда тау-кен өндіру саласындағы кәсіпорындары бағаларының өсу қарқыны алдыңғы 2011 жылғы 4-тоқсандағы 0,9%-ға өсумен салыстырғанда (2011 жылғы 1-тоқсанда өсу 16,1%-ды құрады) 4,1%-ға дейін жылдамдады.


Алдыңғы тоқсанда 0,6%-ға өскеннен кейін энергия тасымалдауыштардың құны 2012 жылғы 1-тоқсанда 5,6%-ға (2011 жылғы 1-тоқсанда 16,0%-ға өсу) ұлғайды. Шикізат энергия ресурстарының құрамында мұнай өндіру бағасы 5,8%-ға (2011 жылғы 1-тоқсанда 16,3%-ға өсу), ал газ конденсатының құны 8,8%-ға (20,2%-ға өсу) ұлғайды.

Өндеуші өнеркәсіптегі баға алдыңғы тоқсандағы 3,0%-ға төмендегеннен кейін есепті кезеңде 1,2%-ға көтерілді (2011 жылғы 1-тоқсанда 6,2% өсу). Бұл ретте 2012 жылғы 1-тоқсанда өнеркәсіптің металлургиялық саласындағы бағалар 1,2%-ға ұлғайды, азық-түлік өнімдерін өндіру 1,8%-ға арзандады, мұнай өндеу өнімдерінің бағасы 3,1%-ға өсті.

Электрмен жабдықтауда, газ, бу беруде және ауаны желдетуде 2012 жылғы 1-тоқсанда баға 0,1%-ға ұлғая отырып (2011 жылғы 1-тоқсанда бағаның өсуі 10,9% құрады), аздап өзгерді.

2012 жылғы наурызда өнеркәсіп өндірісінде жылдық көрсетуде бағаның өсуі (2011 жылғы наурызда жылдық көрсетуде 27,1%) 10,0%-ды құрады (6-график).

6-график

**Өнеркәсіп өнімін өндіруші кәсіпорындардың бағалары индексінің динамикасы (өткен жылдың тиісті айына %-бен)**

Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

Өндірілген өнім жылдық көрсетуде 10,5%-ға, оның ішінде аралық тұтыну өнімдері – 11,8%-ға, тұтыну тауарлары – 1,1%-ға, өндіріс құралдары – 8,4%-ға қымбаттады. Өндірістік сипаттағы қызметтер 3,0%-ға қымбаттады.

**1.3.2. Ауыл шаруашылығындағы бағалар**

2012 жылғы 1-тоқсанда барлық арналар бойынша сатылған ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасы 1,1%-ға (2011 жылғы 1-тоқсанда – өсу 9,7%) өсті. Ауыл шаруашылығындағы бағалар динамикасы өсімдік шаруашылығы өнімдерінің арзандауы және мал өнімінің қымбаттауы әсерінен қалыптасты.


Өткен тоқсанда өсімдік шаруашылығының өнімі 18,8%-ға арзандауымен салыстырғанда, 2012 жылғы қаңтар-наурызда ол 0,3%-ға (2011 жылғы 1-тоқсанда 11,0% өсу) арзандады, бұл ретте өсімдік шаруашылығының құрамында дәнді дақылдардың бағасы 0,1% көтерілді, көкөністің бағасы 4,2% арзандады, картоп бағасы 5,7%-ға арзандады.

Мал шаруашылығы өнімдерінің 2011 жылғы 4-тоқсандағы 5,0%-ға қымбаттауынан кейін 2012 жылғы 1-тоқсанда ол 3,0%-ға (2011 жылғы 1-тоқсанда 7,7% өсу) қымбаттады. 2012 жылғы қаңтар-наурызда мал және құс еті 3,1%-ға өсті, шикі сүттің құны 3,6%-ға өсті, жұмыртқа 1,5%-ға қымбаттады.

2012 жылғы наурыздың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы өнімінің бағасы жылдық көрсетуде 9,5%-ға төмендеді. Бұл ретте өсімдік шаруашылығы өнімі 22,7%-ға арзандады, мал шаруашылығы өнімінің бағасы 10,0%-ға өсті (7-график).

7-график

### Ауыл шаруашылығы өнімі бағалары индексінің динамикасы (өткен жылдың тиісті айына %-бен)



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

### 1.3.3. Кәсіпорындар мониторингі

2012 жылғы 1-тоқсанда кәсіпорындардың дайын өніміне деген сұраныс тұтастай алғанда экономиканың нақты секторы бойынша төмендеді, мұны дайын өнімге сұраныстың өзгеру диффузиялық индексінің 47-ге дейін (2011 жылғы 4-тоқсандағы 52,8-ден) төмендеуінен көруге болады. Көрсеткіш өніміне сұраныс төмендеген кәсіпорындар үлесінің 25,8%-ға дейін (2011 жылғы 4-тоқсанда – 19,6%) айтарлықтай ұлғаюы және өніміне сұраныстың ұлғаюын атап өткен кәсіпорындар үлесінің 19,8%-ға дейін (2011 жылғы 4-тоқсанда – 25,2%) азаюы есебінен болды.

Сұраныстың төмендеуі «электроэнергияны, газды және суды өндіру мен бөлу» (диффузиялық индекс 61,2 құрады) және сұраныс өткен тоқсанның деңгейінде қалған «ауыл шаруашылығы» мен «көлік және байланыс» салаларынан басқа барлық салаларда байқалды. «Қонақ үйлер мен мейрамханалар» саласында кәсіпорындардың 41,4%-н қамтыған сұраныстың едәуір төмендеуі байқалды. Тұтастай алғанда экономика бойынша сұранысқа қарағанда сұраныстың төмендеуі құрылыста (диффузиялық индекс – 42), саудада (45,5) және өңдеуші өнеркәсіпте (46,6) болды.

2012 жылғы 2-тоқсанда 1-тоқсанмен салыстырғанда тұтастай алғанда нақты сектор бойынша сұраныстың айтарлықтай өсуі күтіледі: кәсіпорындардың күтулері бойынша сұраныстың диффузиялық өзгеру индексі 59,5 құрады. Өніміне сұраныстың ұлғаюын диффузиялық индексі 47,4 құраған «электроэнергияны, газды және суды өндіру мен бөлу» саласынан басқа барлық салалар күтуде. Сұраныстың айтарлықтай ұлғаюы өңдеуші өнеркәсіпте (62,9) және құрылыста (62,5) күтіледі.

Кәсіпорындардың дайын өніміне бағаның өсу қарқыны 2012 жылғы 1-тоқсанда айтарлықтай ұлғайды: дайын өнім бағасының өзгеруінің диффузиялық индексі бағалардың өсуін атап өткен кәсіпорындар санының 21,9%-ға (2011 жылғы 4-тоқсандағы 19,6%) дейін ұлғаюы және бағалардың төмендеуін атап өткен кәсіпорындар санының 6,2%-ға (2011 жылғы 4-тоқсандағы 7,4%-дан) дейін азаюы есебінен 57,9-ға (2011 жылғы 4-тоқсанда 56,1) дейін көтерілді.



Дайын өнім бағасының өсу қарқынының айтарлықтай ұлғаюы өндіруші өнеркәсіпте байқалды: диффузиялық индекс 59,6 дейін (2011 жылғы 4-тоқсандағы 50-ден) көтерілді. Экономиканың басқа салаларында да бағаның өсуі, бірақ қалыпты қарқынмен өсуі байқалады. «Қонақ үйлер мен мейрамханалар» саласында ғана бағалардың өсу қарқынының төмендеуі (диффузиялық индекс 51,7 құрады (2011 жылғы 4-тоқсанда - 56,7) байқалды және «құрылыс» және «электроэнергияны, газды және суды өндіру мен бөлу» салаларында бағаның өсу қарқыны өткен тоқсанның деңгейінде қалды.

2012 жылғы 2-тоқсанда тұтастай алғанда экономиканың нақты секторы бойынша бағаның өсу қарқынының ұлғаюы үрдісі жалғасады деп күтіледі: дайын өнімге бағалардың өзгеруінің диффузиялық индексі 59,5 құрады. Бұл ретте ауыл шаруашылығы мен «жылжымайтын мүлікпен операциялар, жалдау және кәсіпорындарға қызметтер» саласынан басқа барлық салалардың кәсіпорындары бағаның өсу қарқынының ұлғаюын күтеді. «Электроэнергияны, газды және суды өндіру мен бөлу» және өндіруші өнеркәсіп саласында бағаның едәуір өсуі күтіледі.


2012 жылғы 1-тоқсанда шикізат және материалдар бағасының өсу қарқыны аздап ұлғайды: бағалардың өзгеруінің диффузиялық индексі 76,1 (2011 жылғы 4-тоқсанда – 75,1) құрады. Бағалардың өсу қарқынының аздап төмендеуі құрылыста, ұлғаюы – барлық салаларда, әсіресе ауыл шаруашылығында және «қонақ үйлер мен мейрамханалар» саласында байқалды. Тұтастай алғанда іріктеу бойынша, шикізат және материалдар бағасының өсуін атап өткен кәсіпорындардың үлесі 54% құрады, кәсіпорындардың 1,7% ғана бағаның төмендеуін атап өтті.

2012 жылғы 2-тоқсан бойынша шикізат және материалдар бағаларының өзгеруінің диффузиялық индексі 72,6 дейін төмендеді, бұл бағаның өсуінің баяулауын білдіреді. Көрсеткіш бағаның өсуін күткен кәсіпорындар үлесінің айтарлықтай азаюымен төмендеді.

Осылайша, тиісті диффузиялық индекстердің динамикасына қарай 2012 жылғы 21-тоқсан бойынша кәсіпорындардың күтулері дайын өнімге сұраныстың айтарлықтай өсуімен, олардың бағасының өсу қарқынының аздап ұлғаюымен және шикізат пен материалдар бағасының өсуінің баяулауымен байланысты (8-график).

8-график

### Сұраныс пен бағалар өзгерісінің диффузиялық индекстері



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

## 2. Инфляция факторлары

### 2.1. Жиынтық сұраныс

2011 жылғы 4-тоқсанда түпкілікті пайдалану әдісі бойынша ЖІӨ 2010 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда нақты көрсетуде бағалау бойынша 8,3%-ға (2010 жылғы 4-тоқсанда өсу бағалау бойынша 7,3%, 2011 жылғы 3-тоқсанда – 7,2% болды) ұлғайды.

ЖІӨ-нің 2011 жылғы 4-тоқсанда өсуі үй шаруашылықтарының ағымдағы тұтынуына жұмсалатын шығыстардың ұлғаюымен байланысты түпкілікті тұтынуға жұмсалған шығыстардың өсуі, жалпы жинақталған қаражаттың өсуі, сондай-ақ мемлекеттік басқару органдары шығыстарының төмендеуі және таза экспорт салымының төмендеуі әсерінен қалыптасты.


Тұтастай алғанда, бағалау бойынша, 2010 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда түпкілікті тұтынуға шығыстары 2011 жылғы 4-тоқсанда 11,2%-ға өсті (2011 жылғы 3-тоқсанда 12,6%-ға өсу), жалпы жинақталған қаражат 2,1%-ға ұлғайды (7,2%-ға өсу), ал таза экспорт 42,4%-ға (47,1%-ға төмендеу) ұлғайды.

Нәтижесінде үй шаруашылықтарының және мемлекеттік басқару органдарының тұтынуына жұмсалған шығыстар ЖІӨ-нің (+)9,6% және (-)0,03% мөлшерінде өсуін қалыптастыруға тиісінше оң және теріс үлес қосты, ал жалпы жинақталған қаражат ЖІӨ-ні (+)0,6%-ға ұлғайтты.

Бұл ретте жалпы жинақталған қаражат құрамында жалпы капиталды жинақтау үлесіне (+)1,3%, ал материалдық айналым қаражаты қорларының өзгеруіне (-)0,7% тиесілі болды. Өз кезегінде таза экспорт (-)0,5% мөлшерінде ЖІӨ-нің өсуіне теріс әсер етті (9-график).

9-график

#### Жиынтық сұраныстың құрамдас бөліктерінің ЖІӨ өсіндегі үлесі, %



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің деректері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

### 2.1.1. Жеке тұтыну және инвестициялық сұраныс


2011 жылғы 4-тоқсанда үй шаруашылықтарының түпкілікті тұтынуына жұмсалған шығыстар 2010 жылғы тиісті кезеңге қарағанда 14,9%-ға (2011 жылғы 3-тоқсанда өсуі – 9,9%-ға) ұлғайды.

Нақты көрсеткіштегі жан басына шаққандағы ақша кірісінің өсу қарқыны 2011 жылғы 4-тоқсанда 16,0%-ға дейін (2011 жылғы 3-тоқсанда – өсуі 15,2%-ға), ал нақты көрсетуде 7,7%-ға дейін (өсуі – 5,8%) шамалы жылдамдатылды. Алайда, халық табысы өсуінің бұл жылдамдау қарқыны өсу қарқыны 2011 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда іс жүзінде өзгермеген 13,8%-ды құраған (2011 жылғы 3-тоқсанда – өсуі 13,9%) бөлшек тауар айналымына елеулі әсер еткен жоқ.

Алайда бөлшек тауар айналымы өсуінің жоғары деңгейі ЖІӨ негізгі құрамдас бөліктері бірінің көрсеткішінің түпкілікті пайдалану әдісімен жақсаруына маңызды үлес қосты, атап айтқанда, үй шаруашылықтарының түпкілікті тұтыну шығыстарының өсуіне ықпал етті, ол 14,9%-ға ұлғайды (10-график).

10-график

#### Халықтың шығыстары мен кірістерінің динамикасы (өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің деректері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

2011 жылғы 4-тоқсанда сатушы кәсіпорындарда (магазиндерде) және нарықта және жеке кәсіпкерлерде сату көлемі өсуінің қарқыны бірдей болды, алайда магазиндерде өсу қарқыны біраз жоғары болды және номиналды өткен тоқсанмен салыстырғанда 23,2%-ға өсті, ал нарықта 22,9%-ға өсті.

Сауданың өсуіне 2011 жылғы 4-тоқсанда халықтың ақша табысының, әсіресе желтоқсанда өсуі ықпал етті, бұл мерейтойлық дата – Қазақстан Тәуелсіздігінің 20-жылдығына байланысты қызметкерлерге төлемдердің ұлғаюына байланысты болды. Нәтижесінде, 2011 жылғы желтоқсанда сауда көлемі өсуінің ең жоғары қарқыны (өткен айға 21,8% және өткен айдың тиісті айына 16,9%) тіркелді.

Сауданың өсуіне халықтың кредиттік белсенділігінің арттыруы да ықпал етті. Халықтың кредиттік белсенділігінің 2011 жылғы 3-тоқсанда 2,3%-ға дейін баяулауынан кейін 4-тоқсанда өсу қарқыны 3,7%-ға өсті. Бұл ретте азаматтарды тұтыну

мақсаттарына кредиттеу 2011 жылғы 3-тоқсанда 2,7%-ға, 2011 жылғы 4-тоқсанда 7,3%-ға жылдамдатылды.


Жалпы жинақталуға арналған шығыстардың көлемі 2011 жылғы 3-тоқсандағы 7,2%-ға өсуден кейін, 2011 жылғы 4-тоқсанда 2,1%-ға ұлғайды, осы арқылы ЖІӨ-нің өсуін қалыптастыруда (+)0,6% мөлшерінде оң салым әкелді.

Жалпы жинақтау құрылымында негізгі капиталдың жалпы жинақталуы 3,0%-ға ұлғайды, бұл ЖІӨ-нің өсуіне (+)1,3% мөлшерінде оң үлес әкелді, алайда екінші құрамдас бөлік, яғни материалдық айналым қаражаты қорларының өзгеруі ЖІӨ-нің өсуін (-)0,7% төмендетіп, теріс ықпал етті.

Жалпы жинақтаудың ұлғаюына 2011 жылғы 4-тоқсанда кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігінің өсуі ықпал етті, нәтижесінде инвестициялардың негізгі капиталға көлемі тоқсан ішінде 5,0%-ға көтерілді (2011 жылғы 3-тоқсанда – өсу 3,4%) (11-график).

11-график

**Негізгі капиталға инвестицияларға жұмсалатын шығыстардың динамикасы (өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің деректері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

**2.1.1. Мемлекеттік тұтыну**

2011 жылғы 4-тоқсанда мемлекеттік басқару органдарының түпкілікті тұтынуына арналған шығыстары 2010 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 4,3%-ға (2011 жылғы 3-тоқсанда – өсуі 23,9%-ға) төмендеді.

Тұтастай алғанда, 2011 жылғы 4-тоқсанда мемлекеттік бюджеттің шығыстары 3016,1 млрд. теңге сомаға немесе ЖІӨ-ге шаққанда 11,0%-ға қаржыландырылды (2010 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда 2,4 есе өсті).

Мемлекеттік бюджеттің ағымдағы шығындары 1,2 трлн. теңге болды, бұл 2010 жылғы 4-тоқсанға қарағанда 30,9%-ға көп. Ағымдағы шығындар құрамында 2010 жылдың осындай тоқсанымен салыстырғанда басқа ағымдағы шығындар (50,5%), заңды тұлғаларға ағымдағы трансферттер (33,3%), жұмыс істеушілердің жарналары (32,8%), жалақы (32,2%), тауарларды сатып алу (29,8%), жеке тұлғаларға ағымдағы трансферттер (29,7%) және қызметтерді сатып алу (28,8%) елеулі өсуді көрсетті. Басқа

ағымдағы трансферттерге шығындар 2011 жылғы барлық тоқсандағыдай 2011 жылғы 4-тоқсанда байқалған жоқ.

Мемлекеттік бюджеттің күрделі шығындары 2011 жылғы 4-тоқсанда 2010 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда негізінен, жерді және материалдық емес активтерді, негізгі капиталды сатып алуға және күрделі жөндеуге шығыстардың ұлғаюы есебінен 33,5%-ға өсті. Шетелге және ел ішіндегі күрделі трансферттерге шығындар 2011 жылғы өзгерген жоқ.

Бюджеттік кредиттер 2010 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда 2011 жылғы 4-тоқсанда 27,6%-ға ұлғайды, қаржы активтерін сатып алу шығыстары тек 2,1%-ға ұлғайды.

2011 жылғы қыркүйек-желтоқсанда мемлекеттік бюджеттің түсімдері 1433,5 млрд. теңгені немесе ЖІӨ-ге шаққанда 5,3%-ды құрады, бұл 2010 жылғы қыркүйек-желтоқсанмен салыстырғанда 7,1%-ға аз. Мемлекеттік бюджет кірістерінің құрылымында екі бап бұрынғысынша басым: салық түсімдері – 79,9%-ды (2010 жылғы 4-тоқсанда – 73,8%), ресми трансферттер – 15,4%-ды (21,1%) құрады.

Ресми трансферттердің жоғары үлесі республикалық бюджетке Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілді трансферттердің 215,0 млрд. теңге мөлшерінде түсуімен қамтамасыз етілді.

Тұтастай алғанда, 2011 жылғы 4-тоқсанда салық түсімдерінен түскен кірістің көрсеткіштері 2010 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда 15,4%-ға ұлғайды. Осу корпоративтік табыс салығы бойынша, қосылған құнға салық бойынша түсімдердің және жеке табыс салығы бойынша түсімдердің абсолютті мәнде тиісінше 43,2, 25,6 және 21,8 млрд. теңгеге ұлғаюымен қамтамасыз етілді.


2011 жылғы 4-тоқсанда 2010 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда салықтық емес түсімдер 6,3%-ға өсті, ал негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер және трансферттер түсімдерінің көлемі тиісінше 23,7%-ға және 21,8%-ға төмендеді.

2011 жылғы 4-тоқсанда мемлекеттік бюджет шығыстарының оның түсімдерінен асып түсуі нәтижесінде дефицит 439,8 млрд. теңге (ЖІӨ-ге 1,6%) мөлшерінде қалыптасты, бұл ретте 2010 жылғы осындай тоқсанда дефицит 79,8 млрд. теңгені (ЖІӨ-ге шаққанда 0,4%) құрады (12-график). Ұлттық қордан республикалық бюджетке 215,0 млрд. теңге мөлшерінде аударылмаған кепілді трансферттер болмағанда, 2011 жылғы 4-тоқсан 654,8 млрд. теңге мөлшеріндегі мұнайға жатпайтын дефицитпен аяқталатын еді.

2011 жылғы 4-тоқсанда Қаржы министрлігі 283,9 млрд. теңге мөлшерінде заем қаражатын негізінен мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару арқылы тартты. Осы кезең ішінде 56,8 млрд. теңге сомаға бұрын шығарылған бағалы қағаздар бойынша борыштық міндеттемелер өтелді. Нәтижесінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің Ұлттық Банктегі шотындағы қалдығы 212,7 млрд. теңгеге азайды.

12-график

## Мемлекеттік бюджеттің орындалуы, млрд. теңге



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің деректері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

2011 жылғы 4-тоқсанда Үкіметтің ішкі борышы 2080,5 млрд. теңгеге (ЖІӨ-ге шаққанда 7,6%) дейін ұлғайды, яғни 2010 жылдың 4-тоқсанымен салыстырғанда 24,6% -ға көп (ЖІӨ-ге шаққанда 7,8%). Өсу мемлекеттік ұзақ мерзімді қазынашылық облигацияларды (МЕУКАМ), мемлекеттік ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттемелерді (МЕУЖКАМ), мемлекеттік орташа мерзімді қазынашылық міндеттемелерді (МЕОКАМ) шығарумен қамтамасыз етілді.

Үкіметтің сыртқы борышы 2011 жылғы 4-тоқсанда 2010 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда (ЖІӨ-ге шаққанда 2,4%) 18,8%-ға ұлғайып, 661,2 млрд. АҚШ долл. (ЖІӨ-ге шаққанда 2,6%) құрады.

### 2.1.3. Сыртқы сектор


#### – Әлемдік бағалар

2011 жылғы 4-тоқсанда әлемдік тауар нарықтарындағы жағдай тұрақты болған жоқ, ол жекелеген тауарлар бағасының құбылмалылығымен сипатталды.

2011 жылғы 4-тоқсанда металдың әлемдік бағасының динамикасында төмендеу үрдісі сақталды. 2011 жылғы 4-тоқсанда мыстың бағасы 16,4%-ға төмендеді және осы кезеңде орташа алғанда бір тонна үшін 7514 АҚШ долл. деңгейінде қалыптасты. Алюминийдің бағасы тұтастай алғанда, 2011 жылғы 4-тоқсанда 12,7%-ға төмендеді және бір тонна үшін 2094 АҚШ долл. болды. Қорғасынның әлемдік бағасы 2011 жылғы қазан-желтоқсанда 18,9% төмендеді, орташа алғанда кезең үшін бір килограмм үшін 199,2 цент болды. Мырыштың бағасы бір килограмм үшін кезеңдегі орташа бағасы 190,4 цент кезінде 14,3%-ға төмендеді (13-график).

13-график

**Металдың әлемдік бағасының динамикасы**




Дерек көзі: Дүниежүзілік Банк

2011 жылғы 4-тоқсанда 2011 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда Brent сұрыпты мұнайдың бағасы 2,8%-ға төмендеді және кезеңде орташа алғанда бір баррель үшін 109,3 АҚШ долл. деңгейінде қалыптасты (14-график).

Бидайдың әлемдік бағасы бүкіл кезең бойы бірте-бірте төмендеді. Тұтастай алғанда, 2011 жылғы 4-тоқсанда бидайдың (Канада) әлемдік бағасы 5,7% төмендеді және бір тонна үшін орташа алғанда 405,2 АҚШ долл. деңгейінде қалыптасты (14-график).

14-график

**Мұнайдың (Брент), бидайдың (Канада) әлемдік бағасының динамикасы**




Дерек көзі: Дүниежүзілік Банк

## – Төлем балансы

2011 жылғы 4-тоқсанның қорытындылары бойынша төлем балансының ағымдағы шоты 2,4 млрд. АҚШ доллары немесе тиісті кезеңнің ЖІӨ қатынасы бойынша 3,9% деңгейінде оң сальдомен қалыптасты (15-график).

## 15-график

## Ағымдағы операциялар шотының балансы, млн. АҚШ долл



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Тауарлар экспортынан түсімдер 2011 жылғы 4-тоқсанда 2010 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда 37,3%-ға, ал тауар импортына арналған шығыстар – 19,6%-ға ұлғайды. Сауда балансының оң сальдосы 66,2%-ға өсті және 10,2 млрд. АҚШ долл. болды. 2011 жылғы 4-тоқсанда қызмет көрсету балансы дефициті 2010 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда 4,3%-ға 2,2 млрд. АҚШ долл. дейін азайды, кірістер балансының дефициті 27,9% ұлғайды және 5,4 млрд. АҚШ долл. болды. Ағымдағы трансферттер бойынша резидент еместерге нетто түсімдер 162,7 млн. АҚШ долл. болды.

Қаржы шотының операциялары бойынша ресурстардың нетто-әкегілуі 2011 жылғы 4-тоқсанда 3,7 млрд. АҚШ долл. болды (2010 жылғы 4-тоқсанда – нетто-әкету 257,8 млрд. АҚШ долл.). Резиденттердің шетелдік активтері (резервтік активтерді қоспағанда) 4,8 млрд. АҚШ долл. өсті, бұл 2010 жылғы тиісті кезеңдегі көрсеткіштен 12,5% асып түсті. Резиденттердің сыртқы міндеттемелері сондай-ақ 1,1 млрд. АҚШ долл. өсті (2010 жылғы 4-тоқсанда 12,2 млрд. АҚШ долл. ұлғайды).

Нәтижесінде төлем балансының операциялары бойынша теріс сальдо 2011 жылғы 4-тоқсанда 3,3 млрд. АҚШ долл. болды (2010 жылғы 4-тоқсанда – оң сальдо 348,0 млн. АҚШ долл.).

## – Сауда талаптары және нақты тиімді айырбастау бағамы

2011 жылғы 4-тоқсанда 2010 жылғы 4-тоқсанның тиісті көрсеткішімен салыстырғанда сауда талаптарының жиынтық индексі 23,4% жоғары болды. Бұл ретте



еуро аймағындағы елдермен сауда талаптары 19,9%-ға, Ресеймен – 44,1%-ға жақсарды (1-кесте).

1-кесте

**Баға индекстерінің және сауда талаптарының өзгеруі  
(өткен жылғы тиісті кезеңге, %-бен)**

	4-тоқ.10	1-тоқ.11	2-тоқ.11	3-тоқ.11	4-тоқ.11
Экспорттық бағалар	18,7	41.1	49.5	55.0	33.9
Импорттық бағалар	10,3	6.1	17.4	10.0	8.6
<b>Сауда талаптары</b>	<b>8,0</b>	<b>32.9</b>	<b>29.3</b>	<b>41.5</b>	<b>23.4</b>
оның ішінде:					
<b>Еуро аймағының елдері</b>					
Экспорттық бағалар	18,2	25.6	47.5	53.3	36.3
Импорттық бағалар	27,7	6.0	20.3	15.0	12.3
<b>Сауда талаптары</b>	<b>-8,1</b>	<b>18.8</b>	<b>23.3</b>	<b>30.8</b>	<b>19.9</b>
<b>Ресей</b>					
Экспорттық бағалар	9,4	38.2	39.2	61.7	44.9
Импорттық бағалар	9,2	18.8	27.0	11.4	2.0
<b>Сауда талаптары</b>	<b>0,3</b>	<b>16.9</b>	<b>10.1</b>	<b>39.9</b>	<b>44.1</b>


Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Салыстырмалы түрде тұрақты номиналды бағамға қарамастан, 2011 жылғы 4-тоқсанның қорытындысы бойынша өткен кезеңмен салыстырғанда теңгенің нақты тиімді айырбастау бағамының индексі 3,6%-ға нығайды. Бұл ретте ТМД елдерінің валюталар қоржынына қатысты теңге 5,9%-ға, қалған елдердің валюталар қоржынына қатысты 2,9%-ға нығайды.

2011 жылғы 4-тоқсанда теңге нақты көрсетуде АҚШ долларына қатысты өткен кезеңмен салыстырғанда 0,2%-ға әлсіреді, еуроға қатысты 3,8%-ға нығайды, ал Ресей рубліне қатысты 6,7%-ға нығайды (16-график).

16-график

### Теңгенің нақты айырбас бағамдарының индекстері (2000 жылғы желтоқсан = 100%)




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

#### – Теңгенің номиналдық айырбастау бағамы

Теңгенің орташа алынған биржалық айырбастау бағамы 2012 жылғы 1-тоқсанда бір доллар үшін 148,08 теңгені құрады. Биржалық бағам кезеңнің аяғында бір доллар үшін 147,77 теңге болды. Жыл басынан бастап теңге номиналды көрсетуде АҚШ долларына қарағанда 0,4%-ға нығайды (17-график).

17-график

### Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы номиналдық айырбастау бағамының динамикасы



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


Қаңтарда теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы 0,1%, ақпанда - 0,55% нығайды.

Ішкі валюта нарығындағы биржалық сегментте еуро және Ресей рублімен мәмілелер көлемі шамалы болып отырғандықтан, теңгенің осы валюталарға қатысы бойынша бағамы АҚШ долларына кросс-бағам негізінде есептеледі. Тиісінше теңгенің еуроға және Ресей рубліне қатысты бағамының динамикасы теңгенің АҚШ долларына бағамының динамикасымен, халықаралық қаржы нарығындағы бірыңғай еуропалық валютаның жағдайымен және Ресей Орталық Банкінің Ресей рублінің айырбастау бағамының валюталар қоржынына қатысты саясатымен айқындалды.

Тұтастай алғанда, 2012 жылғы 1-тоқсанда теңгенің еуроға ресми бағамы 2,7%-ға және ресей рубліне қатысты 9,3%-ға әлсіреді (18-график).

18-график

### Теңгенің еуроға және ресей рубліне шаққандағы ресми бағамының динамикасы




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

## 2.2. Өндіріс

2011 жылғы 4-тоқсанда ЖІӨ өндірісінің көлемі ағымдағы бағамен 9124,2 млрд. теңге болды. Өндіріс, қаржы және сақтандыру қызметін қоспағанда, іс жүзінде экономиканың барлық салаларында өндіріс өсуінің оң ықпалының әсерінен ЖІӨ-і 2010 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда нақты көрсетуде бағалау бойынша 11,2%-ға ұлғайды (2011 жылғы 3-тоқсанда өсу бағалау бойынша - 8,3%-ды құрады) (19-график).

19-график

### Нақты ЖІӨ-нің өсуіне экономиканың негізгі салаларының үлесі (өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің деректері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері

Тауарлар өндірісі бөлігінде ауыл шаруашылығы мен құрылыстың өсуі байқалды. Бұл ретте дәнді дақылдардың рекордтық өніміне себепші болған ауыл шаруашылығының айтарлықтай өсуін, сондай-ақ құрылыс қарқынының баяулауы және өнеркәсіптің төмендеуі атап өткен жөн.

Бағалау бойынша, өнеркәсіптік өндіріс көлемі 2011 жылғы 4-тоқсанда 0,7% (2011 жылғы 3-тоқсан – 3,5%-ға өсті), ауыл шаруашылығы – 64,7% (14,3%), құрылыс – 2,2% (4,3%) азайды, бұлар жиынтығында 4,1% мөлшерінде ЖІӨ өсуін қалыптастыруға оң үлес қосты.

Қызмет көрсету өндірісі бөлігінде қаржы және сақтандыру қызметі 17,7%-ға төмендеуі барлық қалған құрамдас бөліктердің жоғары өсуімен толық бейтараптандырылды, бұл ЖІӨ 7,4% деңгейінде өсуіне оң үлес қосуға себепші болды.

2011 жылғы 4-тоқсанда мәні ЖІӨ-нің жалпы көлеміндегі теріс белгімен пайдаланылатын жанама өлшенетін қаржы делдалдығы қызметінің көлемі 0,3% мөлшерінде ЖІӨ-нің өсуін қалыптастыруға оң үлес қосты.

Өз кезегінде, өнімге және импортқа таза салықтардың нақты көлемі индексінің 12,2% төмендеуі ЖІӨ-нің өсуін (-)0,6% (2011 жылғы 3-тоқсанда (+)1,1%) мөлшерінде қалыптастыруға теріс әсер етті.

## 2.3. Еңбек нарығы

### 2.3.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық


2012 жылғы 1-тоқсанда экономикада жұмыспен қамтылғандар саны бастапқы деректер бойынша өткен кезеңдегімен салыстырғанда 0,4% ұлғайып, 8,5 млн. адам болды (2011 жылғы 1-тоқсандағы өсу 4,0%-ды құрады). Бұл ретте жалдамалы қызметкерлердің саны 2011 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда 1,1%-ға ұлғайып, 5,8 млн. адам болды, өздігінен жұмыспен қамтылғандар 2,7 млн. адам (төмендеуі 1,2%) болды.

Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардағы жалдамалы қызметкерлердің құрылымында 4,7 млн. адам (жалдау бойынша барлық жұмыс істейтіндердің 81,8%), жеке тұлғаларда – 0,7 млн. адам (12,5%), шаруа (фермер) қожалықтарында – 0,3 млн. адам (5,7%) жұмыс істеді.

2012 жылғы 1-тоқсанда жұмыссыздар саны 478,7 мың адамды құрады, бұл алдыңғы кезеңдегімен салыстырғанда 0,3%, ал өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда – 0,6% көп (20-график).

20-график

### Экономикалық белсенді халықтың құрылымы, млн. адам



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

2012 жылғы қаңтарда және ақпанда жалдамалы қызметкерлер құрамында мынадай салалық құрылымдық өзгерістер байқалды.

2011 жылғы тиісті айлармен салыстырғанда жұмыспен қамтудың өсуін қамтамасыз еткен негізгі салалар мыналар болды: көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдарды жөндеу; қаржы және сақтандыру қызметі; әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет; өнер, ойын-сауық және демалыс; денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер; білім беру; тау-кен өндіру өнеркәсібі.

Жұмыспен қамтылғандар санының төмендеуі: ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы; мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру; электрмен қамтамасыз ету, газ беру, бу мен ауаны кондиционерлеу; сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтарды жинау мен бөлуді бақылау салаларында байқалды.

Бұл ретте бір салалардағы жұмыспен қамтылу санының төмендеуі олардың басқа салалардағы өсуімен өтелді. Нәтижесінде, жұмыссыздық деңгейі 2012 жылғы қаңтарда 5,5%-ға дейін өскеніне қарамастан, 2012 жылғы наурызға таман 5,3%-ға дейін төмендеді және 2012 жылғы 1-тоқсанда осының алдындағы кезең деңгейінде сақталып, бастапқы деректер бойынша 5,4%-ды құрады (21-график).

Жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне және халықтың жұмыспен қамтылуының артуына 2011 жылғы 2-тоқсаннан бастап іске асырыла бастаған 2020-Жұмыспен қамту бағдарламасының ықпал еткенін атап айту қажет.

21-график

**Нақты жұмыссыздық деңгейі, %**

Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

**2.3.2. Жалақы және өнімділік**

Орташа айлық жалақы өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 2011 жылғы 4-тоқсанда номиналды көрсетуде 19,8%-ға (2011 жылғы 3-тоқсанда – 15,9% өсті), ал нақты көрсетуде 11,3%-ға (өсуі – 6,4%) ұлғайып, барынша көп өскенін көрсетті.

Алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда номиналдық жалақы 8,2% артты, ал нақты жалақы 7,1% ұлғайды.

2011 жылғы 4-тоқсанда жалақының өсу қарқынының жылдамдауы 2011 жылғы желтоқсандағы жалақының айтарлықтай өсуімен қамтамасыз етілді, ал алдыңғы аймен салыстырғанда жалақы номиналды көрсетуде 29,8%-ға, нақты көрсетуде – 29,4%-ға өсті.

Мұндай жоғары өсудің негізгі себебі жалдамалы қызметкерлерге желтоқсандағы мерейтойға, яғни 2011 жылғы желтоқсандағы Қазақстанның 20 жылдық тәуелсіздігіне негізделген төлемдер көлемінің ұлғаюы болды.


2011 жылғы желтоқсанда 2010 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда номиналды көрсетудегі жалақы неғұрлым жоғары дәрежеде мынадай салаларда: өнер, ойын сауық және демалыс 38,8%-ға; ауыл, орман және балық шаруашылығы – 38,6%-ға; мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру – 34,8%-ға; денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету – 34,0%-ға; ақпарат және байланыс – 32,6%-ға; білім беру – 32,0%-ға; көлік және қоймада сақтау – 26,0%-ға жоғарылады.

Ақшалай көрсетудегі жалақының ең жоғары мөлшері 2011 жылғы желтоқсанда кәсіби, ғылыми және техникалық қызметінде (241,4 мың теңге), ал ең төменгісі – ауыл, орман және балық шаруашылығында (55,7 мың теңге) қалыптасты.

ЖІӨ жоғары өсу қарқыны 2011 жылғы 4-тоқсанда (Ұлттық Банктің бағалауы бойынша – 11,4%), жұмыспен қамтылғандар санының төмендеуі және жалақының өсуі еңбек өнімділігі индексінің өсу қарқынының 8,1% деңгейіне дейін (Ұлттық Банктің бағалауы бойынша) жылдамдауына себепші болды, ал бір тоқсан бұрын индекстің өсуі 4,0%-ға жеткен (22-график).

22-график

**Еңбек өнімділігінің және нақты жалақының динамикасы  
(өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен)**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің деректері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептері


### 3. Ақша ұсынысы

#### 3.1. Ақша агрегаттары

2012 жылғы 1-тоқсанда ақша агрегаттарының жылдық динамикасы қалыпты өсу қарқынын көрсетті (23-график).

23-график

**Ақша агрегаттарының динамикасы  
(алдыңғы жылдың тиісті айына %-бен)**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

#### 3.1.1. Ақша базасы

2012 жылғы 1-тоқсанда ақша базасы 15,7%-ға кеңейіп, 2012 жылғы наурыздың аяғында 3282,7 млрд. теңге болды. Тар ақша базасы 2927,9 млрд. теңгеге дейін 6,9%-ға кеңейді.

2012 жылғы наурызда 2011 жылғы наурызбен салыстырғанда ақша базасы 16,8%-ға кеңейді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 2012 жылғы наурызда 2011 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 31,8 млрд. АҚШ долл. дейін 8,3%-ға төмендеді. Ішкі валюта нарығында валютаны сатып алу, Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарына валютаның келіп түсуі Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету операцияларымен және Ұлттық қор активтерін алтынвалюта резервтері есебінен толықтырумен бейтараптандырылды. Сонымен қоса, банктердің Ұлттық банктегі корреспонденттік шоттарындағы шетел валютасындағы қалдықтарының төмендеуі орын алды. Нәтижесінде таза валюталық қорлар (ЕАВ) қарастырылып отырған кезеңде 15,4%-ға азайды, алтындағы активтер жүргізілген операциялар мен әлем нарықтарында оның бағасының өсуі нәтижесінде 65,8-ға өсті.

2012 жылғы наурызда 2011 жылғы наурызбен салыстырғанда Ұлттық Банктің таза ішкі активтері, ең алдымен, банктер алдындағы қысқа мерзімді ноттары бойынша міндеттемелерінің төмендеуі есебінен өсті (2-кесте).



2-кесте

**Ұлттық Банк активтерінің және пассивтерінің өзгеру динамикасы  
(алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %-бен)**

	11 2-тоқ.	11 3-тоқ.	11 4-тоқ.	12 1-тоқ.
<b>Таза халықаралық резервтер</b>	<b>30,5</b>	<b>17,0</b>	<b>3,8</b>	<b>-8,3</b>
<b>Таза ішкі активтер</b>	<b>-104,9</b>	<b>6,0</b>	<b>55,8</b>	<b>48,3</b>
Үкіметке таза талаптар	-56,2	-70,6	33,1	-54,5
Экономикаға талаптар	-192,5	30,6	128,9	119,7
Басқа да таза ішкі активтер	-52,1	-13,5	-9,8	-15,3
<b>Ақша базасы</b>	<b>5,5</b>	<b>14,0</b>	<b>10,3</b>	<b>16,8</b>
<b>Тар ақша базасы</b>	<b>6,3</b>	<b>21,2</b>	<b>27,8</b>	<b>24,5</b>

Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

**3.1.2. Ақша массасы**

2012 жылғы 1-тоқсанда ақша массасы 10293,1 млрд. теңгеге дейін 5,6%-ға ұлғайды.

2012 жылғы наурызда 2011 жылғы наурызбен салыстырғанда оның өсуі банк жүйесінің таза сыртқы активтерінің, сол сияқты ішкі активтерінің ұлғаюы нәтижесінде 15,3% болды (3-кесте).

3-кесте

**Ақша массасының өзгеру динамикасы  
(алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %-бен)**

	11 2-тоқ.	11 3-тоқ.	11 4-тоқ.	12 1-тоқ.
<b>Таза сыртқы активтер</b>	<b>48,5</b>	<b>21,2</b>	<b>16,7</b>	<b>14,5</b>
<b>Ішкі активтер</b>	<b>-7,8</b>	<b>17,8</b>	<b>18,0</b>	<b>10,5</b>
Үкіметке талаптар	17,6	-54,5	86,7	-44,3
Экономикаға талаптар	4,9	10,2	14,0	14,0
Басқа да таза ішкі активтер	-21,4	-6,8	-11,7	-10,1
<b>Ақша массасы</b>	<b>12,9</b>	<b>16,8</b>	<b>15,0</b>	<b>15,3</b>
Айналыстағы қолма-қол ақша	15,3	16,0	18,9	19,2
Резиденттердің депозиттері	12,6	16,9	14,3	14,8

Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

Банк жүйесінің таза сыртқы активтерінің құрылымында 2012 жылғы наурызда 2011 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда Ұлттық Банктің де, сол сияқты банктердің де таза сыртқы активтері өсті. Банктердің таза сыртқы активтерінің өсуі банктердің резидент еместер алдындағы міндеттемелерінің төмендеуіне және резидент еместерге қойылатын талаптарының өсуіне байланысты болды.


Қарастырылып отырған кезеңде ақша массасының негізгі құрамдас бөліктерінің құрылымында банк жүйесіндегі резиденттер депозиттерінің өсу қарқынымен салыстырғанда айналыстағы қолма-қол ақшаның неғұрлым тез өсу қарқыны тіркелді. Нәтижесінде ақша массасының құрылымындағы резиденттер депозиттерінің үлесі 2011 жылғы наурыздағы 87,7%-дан 2012 жылғы наурызда 87,3%-ға дейін төмендеді.

Ақша мультипликаторы ақша массасының өсу қарқынымен салыстырғанда ақша базасының неғұрлым қарқынды кеңеюі нәтижесінде 2011 жылғы наурыздағы 3,18-ден 2012 жылғы наурызда 3,14-ке дейін төмендеді. Бұған сондай-ақ қолма-қол ақшаны

резервтеу коэффициентінің және оған басымдық беру коэффициентінің ұлғаюы себепші болды (24-график).

24-график

**Ақша мультипликаторының және оның құрамдас бөліктерінің динамикасы**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

**3.1.3. Айналыстағы қолма-қол ақша**

Айналыстағы қолма-қол ақша көлемі 2012 жылғы 1-тоқсанда 1307,8 млрд. теңгеге дейін 4,2%-ға қысқарды.

2012 жылғы наурызда 2011 жылғы наурызбен салыстырғанда айналыстағы қолма-қол ақша 19,2%-ға өсті. Бұл ретте, банктер қассаларынан қолма-қол ақшаны беру 1,2 трлн. теңгеге дейін 18,3%-ға, ал банктердің қассаларына түсімдер – 1,2 трлн. теңгеге дейін 25,1%-ға өсті.

2012 жылғы наурызда қолма-қол ақшаның өсуі жалақыларды, зейнетақыларды және жәрдемақыларды берудің өсуімен және соның салдарынан банкоматтарды нығайтуға берудің өсуімен байланысты болды. Сондай-ақ, айналыстағы қолма-қол ақшаның өсуіне жеке тұлғалардың ағымдағы шоттарынан берудің ұлғаюы ықпалын тигізді. Бұл ретте аталған факторлардың қолданысы қарастырылып отырған кезеңде тіркелген тауарларды, қызметтерді және орындалған жұмыстарды өткізуден алынған түсімдердің және валютаны сатудан түскен түсімдердің өсуімен бейтараптандырылмады.

**3.2. Қаржы нарығы**

**3.2.1. Резиденттердің депозиттері**

Резиденттердің депозиттері 2012 жылғы 1-тоқсанда 7,2%-ға ұлғайып, 2012 жылғы наурыздың соңында 8985,3 млрд. теңгені құрады. Заңды тұлғалардың салымдары 8,5%-ға жоғарылады, жеке тұлғалардың салымдары 4,3%-ға ұлғайды.

2012 жылғы 1-тоқсанда депозиттік база заңды тұлғалардың валюталық депозиттерінің ұлғаюына негізделген шетел валютасындағы жинақтардың басымдықпен өсу қарқынын көрсетті.

Нәтижесінде жыл басынан шетел валютасындағы депозиттер 15,0%-ға ұлғайып, 3024,6 млрд. теңгені құрады, ал ұлттық валютадағы депозиттер 5960,6 млрд. теңгеге дейін 3,6%-ға ғана өсті.

Заңды тұлғалардың шоттарына шетел валютасының әкелінуіне байланысты валюталық жинақтар көлемінің өсуі 2012 жылғы 1-тоқсандағы барлық үш ай ішінде 7,4% орташа айлық қарқынмен салымдарды долларландыру дәрежесінің ұлғаюына және шетел валютасындағы депозиттердің үлес салмағының 2011 жылғы желтоқсандағы 31,4%-дан 2012 жылғы наурыздағы 33,7%-ға дейін өсуіне алып келді.

Осылайша, соңғы екі жыл (2010-2011жж.) ішінде қалыптасқан қаражатты жинақтау үшін теңгедегі салымдарға басымдық беру үрдісіне қарамастан, 2012 жылғы 1-тоқсанда заңды тұлғалардың шотына шетел валютасының әкелінуі банктердің ресурстық базасы ұлғаюының негізгі көзі болып табылды (4-кесте).

4-кесте

**Резиденттер депозиттерінің өзгеру динамикасы**  
(алдыңғы жылғы желтоқсанға %-бен)

	2009	2010	2011	2012
	наурыз	наурыз	наурыз	наурыз
<b>Резиденттердің депозиттері</b>	<b>10,4</b>	<b>4,4</b>	<b>6,7</b>	<b>7,2</b>
<i>жеке тұлғалардың</i>	<i>7,8</i>	<i>2,1</i>	<i>3,7</i>	<i>4,3</i>
<i>банктік емес заңды тұлғалардың</i>	<i>11,4</i>	<i>5,3</i>	<i>8,0</i>	<i>8,5</i>
<b>Теңгедегі депозиттер</b>	<b>-10,6</b>	<b>13,3</b>	<b>12,4</b>	<b>3,6</b>
<b>Шетел валютасындағы депозиттер</b>	<b>48,5</b>	<b>-7,2</b>	<b>-3,8</b>	<b>15,0</b>


Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

Салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің төмендеуі жалғасты. Ұлттық валютадағы, сол сияқты шетел валютасындағы депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің өлшемдері, жалпы алғанда, 2012 жылғы 1-тоқсанда 2011 жылғы 1-тоқсанға қарағанда барынша төмен деңгейде қалыптасты.

Банктік емес заңды тұлғалардың теңгедегі мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2012 жылғы наурызда 2,4% болды (2011 жылғы желтоқсанда – 2,7%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 8,0% (8,4%) болды (25-график).

25-график

**Депозиттердің және сыйақы ставкаларының динамикасы**




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2012 жылғы 1-тоқсанда заңды тұлғалар депозиттерінің көлемі 8,5%-ға 6144,6 млрд. тенгеге дейін өсті, бұл ретте жылдық көрсетілімде (2011 жылғы наурызбен салыстырғанда 2012 жылғы наурызда) өсуі 10,7% болды. Заңды тұлғалардың ұлттық валютадағы депозиттері жылдық көрсетілімде 6,1%-ға, ал шетел валютасында – 23,2%-ға ұлғайды (26-график).

26-график

**Заңды тұлғалар депозиттерінің өзгеру динамикасы (алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %)**




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Жеке тұлғалар депозиттерінің көлемі 2012 жылғы 1-тоқсанда 4,3%-ға өсті, бұл ретте жылдық көрсетілімдегі ұлғаю 24,8%-ды құрады. Жеке тұлғалардың ұлттық

валютадағы депозиттері жылдық көрсетілімде 26,4%-ға өсті, шетел валютасында 22,6%-ға ұлғайды (27-график).

27-график

**Жеке тұлғалар депозиттерінің өзгеру динамикасы  
(алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %)**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

**3.2.2. Экономикаға кредиттер**

2012 жылғы 1-тоқсанда банктердің экономикаға кредиттері 1,7%-ға 8934,5 млрд. теңгеге дейін өсті. Заңды тұлғаларға кредиттер 6556,1 млрд. теңгені құрап, 1,9%-ға ұлғайды, жеке тұлғаларға – 2378,5 млрд. теңгеге дейін өсіп, 1,4% құрады.

Кредиттердің ұлттық валютадағы көлемі 4,2%-ға 5917,7 млрд. теңгеге дейін өсті, шетел валютасындағы көлемі - 2,7%-ға 3016,8 млрд. теңгеге дейін төмендеді.

2012 жылғы қаңтар-наурыздағы ұзақ мерзімді кредиттеу 1,0%-ға 7156,3 млрд. теңгеге дейін өсті, қысқа мерзімді - 4,9%-ға 1778,2 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. Нәтижесінде ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы 2011 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2012 жылғы наурызда 80,7%-дан 80,1%-ға дейін төмендеді.

Банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютада берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2011 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2012 жылғы наурызда 10,8%-дан 11,3%-ға дейін өсті, жеке тұлғаларға теңгемен берілген кредиттер бойынша нақты өзгерген жоқ және 20,5% (2011 жылғы желтоқсанда – 20,4%) құрады. Бұл ретте, тұтастай алғанда, 2012 жылғы 1-тоқсанда мөлшерлемелер деңгейі өсу үрдісімен сипатталды (28-график).


Кредиттеу объектілері бойынша кредиттердің құрылымында берешектің негізгі көлемі айналым қаражатын иемденуге берілген кредиттер (28,2%), жаңа құрылыс пен қайта жаңартуға (15,3%), сондай-ақ басқа да мақсаттарға (23,8%) берілген кредиттерге тиесілі болды.

Салалар бойынша алғанда банктердің экономикаға берілген кредиттері бойынша айтарлықтай берешек басқа салаларға (өндірістік емес салаға және жеке қызметке) – 44,1%, саудаға – 21,0%, құрылысқа – 14,8%, өнеркәсіпке – 12,2% тиесілі.

2012 жылғы қаңтар-наурызда өнеркәсіпті кредиттеу 3,4%-ға, байланысты – 5,5%-ға, сауданы – 2,7%-ға, құрылысты – 1,1%-ға өсті, ал ауыл шаруашылықты кредиттеу 8,2%-ға төмендеді.

28-график

**Экономикаға кредиттер және олар бойынша сыйақы ставкаларының динамикасы**




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Заңды тұлғаларға кредиттердің көлемі 2011 жылғы наурызбен салыстырғанда 2012 жылғы наурызда 18,0%-ға өсті. Орналастыру мерзімдері бойынша кредиттердің құрылымында өзгерістер болды. Заңды тұлғаларды кредиттеудің жалпы көлемінде орта және ұзақ мерзімді кредиттердің үлесі 2012 жылғы наурыздың аяғында 74,3% құрады, ал 2011 жылғы наурызда ол 79,0% жеткен.

Заңды тұлғалардың ұлттық валютадағы кредиттері жылдық көрсетілімде 33,0%-ға өсті, шетел валютасында – 1,2%-ға төмендеді (29-график).

## 29-график

**Занды тұлғаларға берілген кредиттердің динамикасы  
(алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %)**


Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Жеке тұлғаларға берілген кредиттердің көлемі 2011 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 2012 жылғы наурызда 12,6%-ға көтерілді. 2012 жылғы наурыздың аяғында жеке тұлғаларды кредиттеудің жалпы көлеміндегі орташа және ұзақ мерзімді кредиттердің үлесі 2011 жылғы наурызда болған 96,4% салыстырғанда елеусіз төмендеді және 96,1%-ды құрады.

Халыққа берілген кредиттер құрылымында ұлттық валютадағы кредиттер 26,4%-ға көтерілгенін, ал шетел валютасында 13,8%-ға төмендегенін көрсетті (30-график).

30-график

**Халыққа берілген кредиттердің динамикасы  
(алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %)**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

**3.2.3. Банктердің активтері мен міндеттемелері**


**– Активтер**

2012 жылғы 1-тоқсанда банктер активтерінің монетарлық шолуға сәйкес есептелген мөлшері 17,1 трлн. теңгеге дейін 4,4%-ға ұлғайды. Банктердің активтері жылдық көрсетілімде (2011 жылғы наурызбен салыстырғанда 2012 жылғы наурызда) 11,5%-ға өсті (31-график).



## 31-график

## Банктер активтерінің динамикасы, млрд. теңге



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


2012 жылғы наурызда банктердің сыртқы активтері активтердің жалпы көлемінің 19,6%-ын иеленді немесе 22,8 млрд. АҚШ долл. құрады. Олар 2011 жылғы наурызбен салыстырғанда 22,1%-ға өсті, 2011 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда – 3,1%-ға ұлғайды.

Сыртқы активтер құрылымында 2012 жылғы наурызда резидент еместерге берілген кредиттер 49,1% (2011 жылғы желтоқсанда – 49,9%), резидент еместерде орналастырылған депозиттер – 31,0% (2011 жылғы желтоқсанда – 29,0%), резидент еместердің бағалы қағаздары – 4,4% (2011 жылғы желтоқсанда – 4,8%), алуға арналған басқа шоттар – 15,5% (2011 жылғы желтоқсанда – 16,2%) болды.

2012 жылғы наурызда ішкі активтердің үлесіне 80,4% немесе 13,8 трлн. теңге тиесілі болды, оның ішінде ұлттық валютадағы ішкі активтер 70,0% немесе 9,6 трлн. теңге, шетел валютасындағы ішкі активтер – 30,0% немесе 4,1 трлн. теңге болды. 2012 жылғы қаңтар-наурыз айларында ішкі активтер 4,8%-ға өсті, оның ішінде ұлттық валютадағы ішкі активтер 4,8%-ға ұлғайды, шетел валютасындағы 5,0%-ға өсті (32-график).

32-график

**Банк активтерінің құрылымы, %**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2012 жылғы қаңтар-наурыз айларында банктердің активтері сапасының шамалы жақсаруы байқалды. Стандартты активтердің үлесі 45,9%-дан 47,9%-ға дейін өсті, күмәнді активтердің үлесі 37,0%-дан 35,1%-ға дейін төмендеді, үмітсіз активтердің үлесі 17,1%-дан 17,0%-ға төмендеді.

Күмәнді активтер құрылымында 1, 3 және 5-санаттағы активтердің шоғырлануына бағытталған активтердің белгілі бір миграциясы байқалды. Күмәнді активтер құрамында 1-санаттағы активтердің үлесі 30,0%-дан 29,3%-ға дейін төмендеді, 2-санаттағылар 12,4%-дан 13,4%-ға дейін артты, 3-санаттағылар – 23,2%-дан 26,1%-ға дейін ұлғайды, 4-санаттағылар – 7,6%-дан 9,4%-ға дейін өсті, 5-санаттағылар – 26,8%-дан 21,7%-ға дейін төмендеді.

Тұтастай алғанда, монетарлық шолу бойынша 2012 жылғы 1-тоқсанда банк активтерінің шамалы өскенін көрсетті. Корпоративтік сектордың және үй шаруашылығының қаржылық жай-күйінің жақсаруына негізделген кредиттік тәуекел деңгейінің жалпы төмендеуіне қарамастан, активтердің төмен сапасы бұрынғысынша қазақстандық банк жүйесінің әлсіз жағы болып қалып отыр.


2011 жылғы тиісті тоқсанындағы 1,0%-бен салыстырғанда 2012 жылғы 1-тоқсанда кредиттеудің өсу қарқынының жеделдеуі 1,7%-ға дейін артқаны активтер сапасы аздап жақсаруына ықпал етті, бұл ретте, банктердің кредиттік саясатында бұрынғыдай «жаман» кредиттерді ауыстыру процесін тоқтатып тұруға ықпал ететін консервативтік саясаттың элементтері орын алып отыр.

**– Міндеттемелер**

2012 жылғы 1-тоқсанда банктердің монетарлық шолуға сәйкес есептелген міндеттемелерінің жалпы сомасы 5,7%-ға өсті және наурыздың аяғында 11,8 трлн. теңге болды (33-график).

33-график

**Банктер міндеттемелерінің динамикасы, млрд. теңге**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Банктердің резидент еместер алдындағы міндеттемелері 2011 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2012 жылғы наурызда 2,2 трлн. теңгеге дейін (15,1 млрд. АҚШ долл.) 2,0%-ға төмендеді. Банктердің міндеттемелері 2011 жылдың тиісті айына 15,2%-ға қысқарды. 2012 жылғы наурыздың аяғында банктердің резидент еместер алдындағы міндеттемелері банктердің барлық міндеттемелері көлемінің 18,9%-ын қамтыды.


Банктердің резидент еместер алдындағы міндеттемелерінің құрылымында резидент еместердің депозиттері бойынша міндеттемелердің үлесі 2011 жылғы желтоқсандағы 6,8%-дан 2012 жылғы наурызда 7,1%-ға дейін ұлғайды, бағалы қағаздар бойынша міндеттемелер үлесі 72,9%-дан 73,0%-ға дейін көбейді, резидент еместерден алынған кредиттер тиісінше 17,9%-дан 18,5%-ға дейін артты.

2012 жылғы қаңтар-наурыз айларында резиденттер алдындағы міндеттемелер 9,6 трлн. теңгеге дейін (64,8 млрд. АҚШ долл.) 7,7%-ға көтерілді, оның ішінде ұлттық валютадағы міндеттемелер 6,6 трлн. теңгеге дейін 4,4%-ға ұлғайды, шетел валютасындағы міндеттемелер 3,0 трлн. теңгеге дейін 15,4%-ға ұлғайды (34-график).

Сондықтан, 2012 жылғы 1-тоқсанда банктердің міндеттемелері бойынша әр түрлі бағыттағы үрдіс: резиденттер алдындағы міндеттемелердің өсуі сияқты резидент еместер алдындағы міндеттемелердің төмендеуі байқалды. Бұл ретте, резиденттер алдындағы міндеттемелердің өсуі ұлттық құрамдас бөліктердің ұлғаюы есебінен қамтамасыз етілді.

Осыған байланысты, 2012 жылғы 1-тоқсанда қорландырудың сыртқы көздерін ішкі көздерге ауыстыру үрдісі жалғасқанын тұжырымдауға болады

34-график

**Банктер міндеттемелерінің құрылымы, %**


Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

**3.2.4. Қаржы нарығындағы мөлшерлемелер**

2012 жылғы 1-тоқсанда банкаралық нарықта мөлшерлемелер деңгейінің төмендеуі байқалды.

KazPrime индикаторы орташа алғанда 2012 жылғы 1-тоқсанда өзгерген жоқ және 2011 жылғы 4-тоқсандағы орташа алғандағы сияқты 2,00% деңгейінде қалды. Бұл ретте желтоқсанның аяғындағы индикатормен салыстырғанда наурыздың аяғында бұл индикатор өзгеріссіз қалып 2,00% болды (35-график).

## 35-график

**KazPrime индикаторының динамикасы және ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі, %**

Дерек көзі: Қазақстан Қор Биржасы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


Автоматты РЕПО секторында 1 күндік операциялар бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2012 жылғы 1-тоқсанда төмендеді және 0,22% (2011 жылғы 4-тоқсанда – 1,37%) болды. Бұл ретте оның ең көп деңгейі 1,53%, ал ең азы – 0,03% болды.

7 күндік РЕПО операциялары бойынша мөлшерлемелердің ауытқулары 2012 жылғы 1-тоқсанда 0,12%-дан 1,37%-ға дейінгі (орташа алынған мөлшерлеме 0,25% болды), 14 күндік РЕПО операциялары бойынша – 0,18%-дан 1,42%-ға дейінгі (орташа алынған мөлшерлеме 0,30% болды), 28 күндік РЕПО операциялары бойынша – 0,25%-дан 1,50%-ға дейінгі (орташа алынған мөлшерлеме 0,48% болды) диапазонда өтті (36-график).

Автоматты РЕПО секторындағы мәмілелер көлемі 2012 жылғы 1-тоқсанда өткен тоқсанмен салыстырғанда 7,2%-ға азайды.

36-график

## РЕПО операциялары бойынша мөлшерлемелер динамикасы, %



Дерек көзі: Қазақстан Қор Биржасы


## 4. Ақша-кредит саясатының құралдары және операциялары

2012 жылғы 1-тоқсанда қаржы нарығындағы жағдай тұрақты болды, банктер жеткілікті теңгелік өтімділікке ие болды.

2012 жылғы 1-тоқсанда Ұлттық Банктің қаржы нарығындағы операцияларының қорытындысы теңгелік өтімділікті алу болды, бұл негізінен банктердің депозиттердегі және шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қаражаты қалдықтарының өсуі есебінен орын алды (37-график).

37-график

**Ұлттық Банктің ішкі нарықтағы операцияларының сальдосы, млрд. теңге**




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2012 жылғы 1-тоқсанда Ұлттық Банктің мөлшерлемелер дәлізі өзгерді. Ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі 2012 жылғы 14 ақпаннан бастап 7,5%-дан 7,0%-ға дейін төмендеді, банктерден тартылатын депозиттер бойынша мөлшерлемелер де өзгерген жоқ: 7 күндік депозиттер бойынша мөлшерлеме 0,5%, 1 айлық депозиттер бойынша – 1,0% болды.

2012 жылғы 1-тоқсанда ақша нарығындағы ахуал пайыздық мөлшерлемелердің құбылмалылығымен сипатталды. Бұл ретте 2011 жылғы қаңтар-ақпанда мөлшерлемелер біраз өсті, наурызда ақырындап төмендей бастады. Орташа алғанда 2012 жылғы 1-тоқсанда мөлшерлемелер деңгейі Ұлттық Банктің мөлшерлемелер дәлізінің төменгі шекарасына жақын болды. Мерзімі 30 күнге дейінгі банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2011 жылғы 4-тоқсандағы 0,63%-дан 2012 жылғы 1-тоқсанда 0,61%-ға дейін төмендеді. Мерзімі 7 күндік банкаралық РЕПО операциялары бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2011 жылғы 4-тоқсандағы 0,45%-дан 2012 жылғы 1-тоқсанда 0,25%-ға дейін төмендеді (38-график).

38-график

**Ұлттық Банк мөлшерлемелері дәлізінің шекаралары, %**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


2012 жылғы қаңтар-наурызда банктердің Ұлттық Банктегі корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың динамикасы әр бағытты болды. 2012 жылғы қаңтар-наурызда банктердің шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтар біртіндеп ұлғайды, ал наурызда қайтадан қысқарды. Бұл ретте, жалпы алғанда 2012 жылғы наурыздың аяғында олардың көлемі 2011 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 1,8 есе ұлғайды.

2012 жылғы 1-тоқсанда банктердің ұлттық валютадағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтары құбылмалы болды, бүкіл кезең ішінде олардың өсуі төмендеуімен және керісінше ауысты. Мәселен, қаңтарда олар төмендеді, ал ақпан-наурызда біртіндеп ұлғая бастады. Сонымен қатар, 2012 жылғы наурыздың аяғында олардың көлемі 2011 жылғы желтоқсанның аяғындағы көлеммен салыстырғанда 13,5%-ға төмендеді (39-график39-график ).



39-график

**Банктердің Ұлттық Банктегі корреспонденттік шоттардағы қалдықтары, млрд. теңге**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


**4.1. Ішкі валюта нарығындағы үстемдіктер**

2012 жылғы 1-тоқсанда Қазақстан Қор Биржасындағы валюта сегментіндегі және банкаралық валюта нарығындағы сауда-саттықтардың жалпы көлемі 2011 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда 20,4%-ға төмендеп, 17,3 млрд. АҚШ долларын құрады.

Қазақстан Қор Биржасындағы долларлық позициядағы биржалық сауда-саттықтар көлемі 2011 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда 20,9% төмендеп, 12,2 млрд. АҚШ долл. болды (Қазақстан Қор Биржасындағы сауда-саттықтардың нетто-көлемі брутто-көлемнің 78% құрады). Биржадан тыс валюта нарығындағы операциялардың көлемі 2012 жылғы 1-тоқсанда өткен тоқсанмен салыстырғанда 18,9% төмендеп, 5,0 млрд. АҚШ долл. құрады (40-график).

40-график

**Ішкі валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі, млрд. АҚШ долл.**




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2012 жылғы 1-тоқсанның қорытындысы бойынша Ұлттық Банктің Қазақстан Қор Биржасындағы қатысу коэффициенті 8,7% (2011 жылғы 4-тоқсанда ол (-)24,0%) болды (41-график). Осылайша, 2012 жылғы 1-тоқсанда Ұлттық Банк ішкі валюта нарығында шетел валютасын сатушы ретінде басым болды.

41-график

**Ұлттық Банктің Қазақстан Қор Биржасындағы қатысу коэффициенті, %**




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

**4.2. Ең төменгі резервтік талаптар**

2012 жылғы қаңтар-наурызда резервтік активтер резервтеудің қажетті көлемінен орташа есеппен 4,3 есе (2011 жылғы 4-тоқсанда – орташа алғанда 3,4 есе, 2011 жылғы 1-тоқсанда – 3,7 есе) асып түсті (42-график).

42-график

**Ең төменгі резервтік талаптар нормативінің орындалуы, млрд. теңге**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі


**4.3. Ашық нарықтағы операциялар**

2012 жылғы 1-тоқсанда банктер тарапынан Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарына сұраныс шектеулі болып қалды. Наурызда ғана осы сегментте кейбір жандану байқалды, бұл жүргізілетін операциялардың өсуімен байланысты болды. Бұл ретте, осы құралдарға ең төменгі сұраныс 2012 жылғы қаңтарда тіркелді.

2012 жылғы 1-тоқсанда шығарылған қысқа мерзімді ноттардың көлемі 2011 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда 13,0% ұлғайды және 3345,5 млрд. теңге болды. Қысқа мерзімді ноттардың эмиссиясының ең үлкен көлемі (2012 жылғы 1-тоқсан ішіндегі барлық эмиссия көлемінің 50% астамы) наурызға тиесілі. Орналастырылған ноттар бойынша орташа алынған кірістілік 2011 жылғы 4-тоқсандағы 1,28%-дан 2012 жылғы 1-тоқсанда 1,48%-ға дейін төмендеді (43-график).

43-график

**Қысқа мерзімді ноттарды орналастыру көлемі және олар бойынша кірістілік (кезең үшін)**




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2012 жылғы наурыздың аяғында айналыстағы қысқа мерзімді ноталардың көлемі 536,0 млрд. тенге болды, бұл 2011 жылғы желтоқсандағы көлемнен 5,1% көп (44-график).

44-график

**Айналыстағы қысқа мерзімді ноттар, млрд. тенге (кезең аяғында)**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

**4.4. Тұрақты механизмдер**


2012 жылғы 1-тоқсанда өткен тоқсанмен салыстырғанда банктерден тартылған депозиттердің көлемі ұлғайды. Бұл ретте, банктерден депозиттерді тартудың ең жоғарғы көлемі наурызда тіркелді. Тұтастай алғанда, 2012 жылғы қаңтар-наурызда

1796,8 млрд. теңге сомада депозиттер тартылды, бұл 2011 жылғы 4-тоқсандағы көлемнен 3,0% көп және 2011 жылғы 1-тоқсандағы көлемнен 2,1 есе аз.

Депозиттер бойынша сыйақының орташа мөлшерлемесі 2011 жылғы 4-тоқсандағы 0,71%-дан 2012 жылғы 4-тоқсандағы 0,79%-ға дейін өсті (45-график).

45-график

**Ұлттық Банк тартқан депозиттер бойынша сыйақы көлемі және мөлшерлемелері (кезең ішінде)**




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Депозиттерді тарту көлемінің өсуі Ұлттық Банктің олар бойынша өтелмеген міндеттемелері көлемінің ұлғаюымен қоса жүрді. 2012 жылғы наурыздың қорытындылары бойынша банктердің Ұлттық Банктегі депозиттері бойынша өтелмеген берешек қалдықтарының көлемі 354,2 млрд. теңге болды, бұл 2011 жылғы желтоқсандағы көлеммен салыстырғанда 3,8 есе көп (46-график).

46-график

**Ұлттық Банктің банктерден тартқан депозиттері бойынша өтелмеген міндеттемелерінің көлемі, млрд.теңге (кезең аяғында)**




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Айықтыру операцияларын жүргізуден басқа Ұлттық Банк 2012 жылғы 1-тоқсанда кері РЕПО операцияларын жүргізу арқылы қайта қаржыландыру қарыздарын банк секторына ұсынуды жалғастырды. Кері РЕПО операцияларының жалпы көлемі 2012 жылғы 1-тоқсанда 1519,7 млрд. теңге болды. Аталған операциялардың көлемі өткен тоқсанмен салыстырғанда 36,3%-ға өсті (47-график).

47-график

**Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру операцияларының көлемі, млрд. теңге (кезең ішінде)**




Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2012 жылғы наурыздың аяғында кері РЕПО операциялары бойынша өтелмеген берешектің көлемі біршама ұлғайды және 450,3 млрд. теңге болды (48-график).

48-график

**Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру операциялары бойынша өтелмеген міндеттемелерінің көлемі, млрд. теңге (кезең аяғында)**



Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі